

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

Кафедра: Гистология, цитология , эмбриология курсымен

МҮШЕЛЕРДІҢ КІЛЕГЕЙЛІ ҚАБЫҒЫНДАҒЫ ЭПИТЕЛИЙ ТІНДЕРІ. БЕЗДЕР. СЕКРЕЦИЯ ТҮРЛЕРІ.

Орындаған: Бекмуратов А.
Факультет: Жалпы Медицина
Топ : 13-010-2
Қабылдаған: Жанбырбаева А.

Алматы 2014ж.

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Эпителий тіндері

III. Эпителий тіндерінің жіктелуі:

а. Жабынды

ә. Безді




IV. Эпителий тіндерінің морфологиясы.

V. Бездер. Секреция түрлері.

VI. Қорытынды.


Эпителий тіндері

Эпителий тіндері бұл сыртқы және ішкі орта шекарасында, базальды мембранаға бекініп тығыз орналасқан және ағзаның көптеген бездерін түзетін жасушалардың жиынтығы



Ерекшеліктері :

- Эпителий тінінің жасушалары – эпителиоциттер
- Аралық заты болмайды
- Қантамырлары болмайды
- Полярлық қасиет тән
- Регенерациялық қабілеті өте жоғары
- Аморфты затында күрделі белоктар:




гликопротеиндер – эпителиоциттерді базальды мембранаға жабыстырып, бекіндіреді

протеогликиндар мен гликозамингликиндар - мембранаға таңдамалы өткізгіштік қасиет береді.


Эпителй тіндерінің жіктелуі

Жабьнды

Безді



Жабынды эпителий




- Бұл шектеушілік тіндер. Дененің сыртын (жабынды), ішкі (асқазан, ішек, қуық т.б.) кілегейлі қабықтарын және екіншілік қуыстарды тыстайды.

Жабынды эпителийдің морфологиялық жіктелуі



Бір қабатты эпителийлер



Бір қабатты, көп қатарлы және бір қатарлы болып бөлінеді. Бір қабатты, көп қатарлы эпителий жасушаларының пішіні бірдей куб, призма тәрізді немесе жалпақ, ядролары бір деңгейде орналасады (бір қатар құрайды). Бұл эпителий *изоморфты* деп аталады. Бір қабатты эпителий жасушаларының пішіні мен биіктігі әртүрлі болып та келеді, мұндай кезде олардың ядролары әртүрлі деңгейде орналасып, көп қатарлы немесе жалған көп қабатты эпителий түзеді.








Рис. 2. Различные виды эпителий

Бір қабатты жалпақ эпителий

Ағзада мезотелий мен эндотелий түрінде кездеседі.



Мезотелий серозды қабықтарды түзеді. Бұларға: плевра, іш перделері перикард жатады. Жасушалары *мезотелиоциттер*. Пішіні полигональды, плазмолеммасы иректелген, 1-2 ядролары бар. Мезотелий секрет бөліп, мүшелерді бір біріне жабыстырмай оңай жылжымалы болуына жағдай жасайды.

Эндотелий қан мен лимфа тамырларын жүректің камераларының ішін тыстайды. Жасушалары *эндотелиоциттер*. Жасуша органеллалары аз, бірақ пиноциозды везикулалары болады.





Бір қабатты куб тәрізді эпителий

Бүйректің проксимальді және дистальды нефрон түтікшелерінің ішін тыстайды. Проксимальды бөлігіндегі эпителиоциттердің жиегі болады (бүрлері), ал базальды мембранаға бекінген полюсінде көптеген митохондриялары сызық түрінде көрінеді. Бұл эпителиоциттер бүйректе *реобсорбция* – қайта сору қызметін атқарып, пайда болған біріншілікнесептен көптеген заттарды қанға сорады.



Бір қабатты призмалы эпителий

Бір қабатты призмалы эпителиоциттер асқорыту жүйесінің ортаңғы бөлігіндегі мүшелердің ішкі бетін тыстайды. Асқазан, ішектер (ащы, тоқ), өт қабы, бауыр мен асқазан асты безінен шыққан өзектерінің ішкі кілегейлі қабығын түзеді. Эпителиоциттер өте тығыз десмосомалар , қуыстар арқылы байланысады. Асқазанды тыстайтын бұл эпителий түгелдей безді, асқазан қабырғасын ірі тағам бөліктерінен зақымдалуынан сақтайды.




Бір қабатты көп қатарлы эпителий



Ауа өтетіен жолдардың, тыныс алу мүшелердің – мұрын қуысы, кеңірдек, бронхылар тағы басқа мүшелердің құрамында кездеседі. Ауа жолындағы бұл эпителий құрамында *кірпікшелі, қыстырма, базальды және бокал* тәрізді жасушалар ы болады.



Көп қабатты эпителийлер



Мүйізделген, мүйіделмеген және ауыспалы болып бөлінеді. Эпителийдің үстіңгі қабаты мүйізделіп түсіп отырады. Бұл мүйізделген түрі, ал мүйізделу процесі болмаса ол мүйізделмеген.



Көп қабатты ауыспалы эпителийлер



Ауыспалы эпителийге атқаратын қызметіне байланысты қабырғасы созылып отыратын – қуық пен несеп ағардың кілегейлі қабығы жатады. Осы мүшелердің қуысы тарылып не, кеңейгенде, эпителий жасушалары пішінін өзгертіп отырады.




Stratified Squamous (non-keratinized) (H&E)

Characteristics


- 1. Multiple layers of cells that appear flattened at the surface of the tissue and flatten as they go closer to top.
- 2. Layer of keratinized tissue.
- 3. No deep crypts present.



Stratified Squamous (non-keratinized) (H&E)



Көп қабатты мүйізделмеген эпителийлер





Көп қабатты мүйізделмейтін жалпақ эпителий (көздің қасаң қабығы).
Боюу гематоксилин-эозин, x 400.

1- үстіңгі қабаттың эпителиоциттер, 2- ортаңғы қабаттың клеткалары, 3- базальды қабаттың клеткалары,
4- базальды мембрана, 5- қасаң қабықтың меншікті дәнекер тіні.

Көздің қасаң қабығын, ауыз қуысын, өңешті тыстайды. Құрамында: базальды, аралық, үстіңгі жалпақ жасушалар қабаттары болады. *Базальды* қабат эпителиоциттердің пішіні призма тәрізді базальды мембранаға бекінеді. Пішіні тікенек тәрізді, көп бұрышты аралық қабат жасушалары құрамында тонофибриллалары болатын, десмосомалармен байланысады.

Көп қабатты мүйізделген эпителийлер



Көп қабатты мүйізделген эпителий тері эпидермисін құрайды. Үнемі мүйізделіп (кератинизация) түсіп отырады. Эпидермис жасушаларының көбі *кератиноциттер*. Оның құрамында арнайы белоктар – цитокератиндер, филаггрин, кератолин болады. Бұлар мүйіздену процесіне қатысты белоктар. Тері эпидермисінде: *базальды, тікенекті, дәнді, жылтыр және мүйізді қабаттарын ажыратады.*

Секрет бөлу механизміне байланысты

Мерокринді

Гландулоциттер секрет бөлу кезінде өзгеріске ұшырамайды. (сілекей бездері)

Голокринді

Гландулоциттер секрет бөлу кезінде толық өзгеріске ұшырап, жойылады (терідегі май бездері), бірақ камбиальды жасушалардың көмегімен қайта қалпына келіп отырады.


Апокринді

Гландулоциттердің апикальді полюсі өзгеріске ұшырап, аздап бұзылады. (сүт безі)


Безді эпителий



Көптеген бездерді түзіп, секретолы қызмет атқарып, арнайы өнім – секрет бөледі. Секрет ағзадағы өтіп жатқан процесстерді ретеу үшін маңызды рөл атқарады. Безді эпителийдің жасушаларын *гландулоциттер* дейді. Олар базальды мембранаға бекінеді, секреторлық қызметіне байланысты пішіні әр түрлі болады. Ядролары ірі, тіпті пішінсіз болып келеді. Полярлық қасиет тән.



Бездер



Ағзадағы бездер – мүшелер болып табылады. Құрамындағы секреторлы жасушалары ерекше химиялық өнімдер бөліп өзектері арқылы шығаратын – *экзокринді*, ал өзектері жоқ гормондарын қан мен лимфаға бөлетін *эндокринді* бездер. Бездерден бөлінген өнімдер (секрет, гормондар) ағзада маңызды қызметтер атқарады. Ең негізгі қызметтері – асқорытуға, өсуге, дамуға, сартқы ортамен байланысуға, көптеген зат алмасу процестерін реттеуге қатысады. Көптеген бездер – жеке мүшелер болып саналады. Мысалы: ұйқы, сілекей, қалқанша т.б. Ал,біразы мүшелердің бөліктері болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- “ Гистология, эмбриология және цитология” Ж.О. Аяпова, Алматы 2007ж. 50-бет.
- “ Цитология и общая гистология” В.Л.Быков, Санкт – Петербург 2000ж. 147-бет.
- “ Гистология, эмбриология и цитология” Ю.И.Афанесьева, Алматы 2002ж. 138-бет.
- Р.И. Юй, Р.Б. Абильдинов, Алматы 2012ж. 93-бет.
- Р.Б. Абильдинов, Ж.О. Аяпова, Алматы 2006ж. 38-бет.
- www.google.kz | *Эпителиальная ткань человека*